

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНЕН ТЫС**

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

11.11.2022 жыл

Катысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Сунжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаuletова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қ.Раушан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Масат, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж.Ашимов, АК мүшесі.

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оку жылының қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны туралы

Тыңдалды:

АК төрағасы А.Ш.Ермекбаева 2022-2023 оку жылының қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны бойынша Академиялық департамент ұсынысы кафедраларға таратылып және қызу талқылаудан өткені туралы айтып кафедра оқытушыларын талқылау натижесімен таныстыруды ұсынды.

Қазақ филология кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова:

2022-2023 оку жылына дипломдық жоба сагаттары есептеліп, болініп қойды. Білімгерлерге тақырыптар ұсынылып, жетекшілер белгіленді. Бітірушілер саны 10, барлығы - 3 жоба. Осы оку жылында өзгеріссіз қалдырып, өзгірісті келесі оку жылынан бастау керек деп ойлаймыз. Кафедра оқытушылары да осы пікірде.

БББ атауы	Білімгер саны	Дипломдық жоба
6B02336 - Филология: қазақ тілі	10	3
6B02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі	23	6
6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі	14	4
6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі	15	5

Түрік филологиясы кафедрасының менгерушісі К.Семиз:

Тіл, әдебиет және фольклортану сабактарында теориялық дағдымызды тәжірибе жүзінде қолдануды үйренидік. Осы түрғыда студенттік жылдарымызда түрік филологиясына қатысты пәндерден курстық жұмыстар дайындалды. Оку ордамызда жыл сайын ұйымдастырылып жүрген студенттік конференциялар мен Республикалық ғылыми сыйистардың да ғылыми ізденіске деген қызығушылығымызды артыруда әсері мол. Такырып бойынша ғылыми ізденіс жасау арқылы мәтін талдау теориясын терен менгеруге болады. Филология саласында мәтінталдаудың орны бөлек. Қазақстан, Түркия және өзге дамыған елдерде қолданылып жүрген заманауи мәтінталдау әдістері арқылы ғылыми жұмыс жасап, өз біліктілігімізді шындағымыз келеді. Сонымен қатар дипломдық жоба жазу барысында білімгерлер ғылыми жетекшісінің басшылығымен дербес ізденіс жасауға машиқтанады. Осы себептерге байланысты ФТФ-911 тобының 15 білімгері дипломдық жоба жазуды тандап, жетекшілерімізben ақылдасып, такырыбымызды белгіледік.

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының менгерушісі А.Ш.Ермекбаева:

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасында 2022-2023 оқу жылында 37 бітіруші-студент бар. Оның 23-і 6B02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 14-і 6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша бітіреді. Біздің кафедрамызда кадр жетіспеушілігіне байланысты ОПҚ-ы 1,5 ш.б. жұмыс жасайды. Сол себептен қосымша сағат орындау үшін академиялық департамент ұсынған нысанмен келіскіміз келді. Дегенмен, жұмыс берушілердің пікірлерін де көніл аударуымыз керек. Олардың пікірлері бойынша біздің бітіруші тұлектер болашакта ғылыми зерттеу мекемелерінде, тіл орталықтарында, колледждерде және аударма орталықтарында жұмыс жасайтын болғандықтан олар үшін теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кенейту мақсатында қазіргі таңда ғылыми жобалардың маңызы ерекше болып тұр. Сондықтан бітіруші студенттердің ғылыми жоба дайындау дағдысын қалыптастыру үшін қорытынды атtestаттауды өткізу нысаны ретінде дипломдық жоба ұсынылды.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж.Ашимов:

Бітіруші тұлектер ғылыми зерттеу мекемелерінде, тіл орталықтарында, колледждерде және аударма орталықтарында жұмыс жасайтын болғандықтан олар үшін ғылыми жобалардың маңызы ерекше болып тұр. Кез келген ғылыми зерттеуші ғылыми жұмыстарын жургізу дағдыларын менгергені дұрыс.

Білім саласындағы мониторингтік зерттеу әдістері мен үдерістерін пайдаланып мониторингтік зерттеулерді өз бетімен жоспарлау және іске асыру, білім ортасын, білім практикасын зерттеудің принциптері мен әдістері арқылы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностика жасау дағдыларының да болуы қажет. Ал бұл дағдыларды қалыптастыру үшін дипломдық жоба жасағаны дұрыс болар еді.

АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.К.Сунижанова:

Барлықтарыңыздың пікірлерінізben келісемін. Себебі жоба жазу бұл болашакта магистрлік, докторлық диссертация жазу жұмыстарына машиқтануға өте қажет деп есептеймін.

АК төрағасы А.Ш.Ермекбаева: Дауыска салайық. Академиялық комитет мүшелерінің жалпы саны -14. Мәжіліске қатысқаны – 14. Дипломдық жобаға дауыс бергені - 14, Академиялық департамент ұсынысын қолдаған -0.

Шешім: Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша қорытынды атtestаттауды өткізу нысаны ретінде дипломдық жоба ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:

А.Ш.Ермекбаева

Хатшысы:

С.А.Қонысова